



## БИЗНЕС &amp; ЖАҢАЛЫҚ

## АПТА ТЫНЫСЫ

## ▶ Ақорда: Президент тапсырмасы



## Білім үдерісі баяндалды

Мемлекет басшысы білім жөніндегі тапсырмасын қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арналған Жолдауда, сондай-ақ, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде және Үкіметтің кеңейтілген отырысында берілген тапсырмалардың орындалу барысы туралы есеп берді.

Асхат Аймағамбетов Президентке министрліктің педагогтер мәртебесін арттыру жөніндегі шаралар-

ды белсенді іске асырып жатқаны, мұғалімдердің еңбекақысы 25 пайызға артқаны туралы баяндалды. Биыл 200 жана мектеп салу жоспарланған отыр.

Мемлекет басшысына пандемия кезіндегі оқу үдерісінің ахуалы және оқушылардың білімін толықтыру үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ, балаларға қолайлы орта қалыптастыру және «Кітап оқитын мектеп» жобасын іске асыру жөнінде ақпарат берілді.

Кездесуде балалардың құқықтарын қорғау, отандық колледждер мен жоғары оқу орындарын дамыту, жоғары білім беру сапасын арттыру, академиялық еркіндікті қамтамасыз ету және оқу орындарынан оған әрі онтайландыру мәселелері талқыланды. Кездесу қорытындысы бойынша Президент Қазақстанның білім және ғылым саласын оған әрі жетілдіру үшін министрлікке бірқатар міндет жүктеді.

## ▶ Жалпыұлттық бастама

## Бірлік – береке бастауы

Елордала донорлар мен меценаттардың қатысуымен «Қайырымды істер» марафоны ұйымдастырылды.

«Қайырымды істер» марафоны бастамасын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көтерген болатын. Былтыр желтоқсан айында Волонтер жылының жабылу рәсімінде Президент Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жалпыұлттық деңгейде «Қайырымды істер» марафоны ұйымдастырылатынын айтты. «Енді санаулы күннен соң біз Тәуелсіздіктің 30 жылдығына қалам басамыз. Бұл – ел дамуындағы аса маңызды белес, тарихи меже. Сондай-ақ, жетістігімізді саралап, болашағымызды бағамдайтын кезең. Келер жылғы мерейтойлық іс-шаралардың мазмұнына ерекше мән береміз. Оның әрқайсысы терең мағыналы және қоғам үшін пайдалы болуға тиіс. Сонымен қатар,



өскелең ұрпаққа тәлім-тәрбие беруі шарт. Осыған орай жалпыұлттық деңгейде «Қайырымды істер» марафонын ұйымдастыруды ұсынамын», – деді Мемлекет басшысы.

Осы ретте ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаеваның, донорлар, меценаттар мен волонтерлердің қатысуымен аталған жобаға қатысты іс-шара ұйымдастырылды.

«Ыстық қайрат. Нұрлы ақыл. Жылы жүрек. Бұл ел

Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ерекше мән беріп, көпшілікке айтқан Ұлы Абайдың үш ұлық сөзі. Жәй сөздер емес, елді үлкен істерге, игі тірлік пен береке-бірлікке шақырған зор үндеуі. Бүгін, міне, баршамыз осы ортада әдейі бас қосып, осы үндеуді жалпақ жұртымызға, жаны жомарт азаматтар мен жүрегі кең ағайынға – жалпы қазақстандықтарға арнап отырмыз», – деді министр Аида Балаева.

## ▶ Тұрғын үй

## Сертификат мөлшері артты



Елордала тұрғын үй сертификатының мөлшері 1,5 млн тенгеге артты. Бұл туралы қала тұрғындарымен есеп беру кездесуінде елорда әкімі Алтай Көлгінов айтты.

«Тұрғын үй мәселесі – ең маңызды бағыттың бірі. Тұрғын үй сертификатына қоса Қазақстандық

тұрғын үй компаниясымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан бағдарламаға да өзгеріс енгізілді. Мұнда біз әлеуметтік пәтер алушылар санатын кеңейттік. Бұл әлеуметтік пәтерлерді тек медицина қызметкерлері мен мұғалімдер ғана емес, сонымен қатар өрт сөндірушілердің, әлеуметтік

мамандардың, мәдениет және спорт қайраткерлерінің, полиция департаменті қызметкерлерінің де алуға мүмкіндіктері бар. Бұл бағдарлама бойынша бастапқы жарна пәтер құнының 1 пайызын құрайды. Тұрғын үйді алдағы уақытта жеңілдетіліп алуға болады», – деді Алтай Көлгінов.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша елордала қолжетімді баспана көлемінің құрылысы артты. Егер 2018 жылы 1 100, 2019 жылы 2 900, 2020 жылы 7 мыңнан аса әлеуметтік пәтер берілсе, биыл бұл сан 10 мыңға көбейеді. Мұның бір бөлігі тұрғын үй кезегінде тұрғандарға, тағы бір бөлігі «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы кезекте тұрғандарға беріледі.

## ▶ ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Үкіметте салықтық, келеңлік өкімшілендіру мәселелері қаралды. Сонымен қатар тапқылауға жанартылатын энергия көздерін дамыту тақырыбы шығарылды. Отырыс төрағасы, Премьер-министр Аскар Мамин ішкілер мәселесіндегі жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды тапсырды.

## БОТАӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Өткен жылы елімізде 700 мыңнан астам заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлерді қамтумен салықтық ынталандырудың ауқымды шаралары іске асырылған. Микро және шағын бизнес субъектілерін тексеруге 3 жылдық мораторий жалғасуда, арнайы салық режимдерін қолданатын ШОБ субъектілері табыс салығынан босатылды. Бұл шаралар кәсіпкерлерге 3 жыл ішінде өз бизнесін кеңейтіп, дамытуға шамамен 400 млрд теңге жұмсауға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биылғы қантардан бастап ерікті түрде қолданылатын бөлшек салықтың жаңа арнайы салық режимі енгізілді. Салық мөлшеремесі алынған кірістің 3% көлемінде белгіленген. Үкімет осы режимді қолдану үшін қызмет түрлерінің тізбесін анықтады, онда пандемия кезінде карантиндік шектеу шаралары қолданылған кызмет түрлері қарастырылған. Режим ШОБ субъектілеріне салық жүктемесін азайтуды қамтамасыз ету және бюджетке төлемдер мен салық төлеу тәртібін онтайландыру үшін дағдарысқа қарсы шара ретінде 2 жылға есептелген. Жеке тұлғалардың салық міндеттемелерін орындауын жеңілдету үшін биылдан бастап мүлік пен жерге салынатын салықтар бірінші төлемге біріктіріліп, көптегерлі тұрғын үйлердің меншік иелері үшін жер салығы алынып тасталды.

Үкімет басшысы Қаржы министрлігімен бірлесіп, салықтық өкімшілендірудің ақпараттық жүйелерін жаңғырту және оларды заманауи өдістер, соның ішінде блокчейн мен үлкен деректерді қолдану арқылы басқа мемлекеттік органдармен интеграциялау жөнінде пәрменді шаралар қабылдауды тапсырды. «Салық төлеушілер мен бизнеске ыңғайлы болу үшін әзірленген «E-Salyq Azamat» (салық әмияны) және «E-Salyq Business» тегін мобильді қосымшаларын белсенді

түрде ілгерілету керек. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Қаржы министрлігіне жеке кәсіпкерлер үшін онлайн-БКМ мен POS-терминалдарды пайдалану кезінде есептілік автоматты түрде толтыру мәселесін сапалы түрде пысықтау қажет», – деді А.Мамин. Премьер-министр Мемлекет

жылғағымен салыстырғанда 74%-ға, 3,24 млрд кВт-с-қа дейін (елде өндірілетін энергияның жалпы көлемінің 3%-ы) өсті. Биыл 381 МВт-қа 23 жоба – 13 ЖЭС, 5 СЭС және 3 КЭС жүзеге асырылады. Елімізде жасыл экономикаға қошу жөнінде іске асырылып жатқан тұжырымдамаға сәйкес, 2050

## Мүмкіндіктерді нығайту қажет



басшысының тапсырмасын орындау аясында осы жылдың наурыз айының соңына дейін шекаралағы заңсыз сауда айналымына қарсы іс-қимылдың кешенді жоспарына ұсыныстар дайындау қажеттігін атап өтті. Жуырда Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысында қаралған ШОБ қолдау жөніндегі қосымша шаралары іске асыру мақсатында биылғы 1 наурызға дейін салық заңнамасына қажетті түзетулер дайындау тапсырылған болатын. «Ұсынбалы отырған өзгерістер 500 мыңға жуық жалдамалы қызметкерді ресми жұмысқа тартуға, еңбекақы төлеу қорына жүктемені азайтуға, салық міндеттемелерін орындау тәртібін жеңілдетуге және республика экономикасына және инвестициялар тартуға мүмкіндік береді», – деді А.Мамин.

Мемлекет басшысы елдегі экологиялық жағдайды жақсартуды басым міндеттердің бірі ретінде нақтылады. Ал экология мен қоршаған ортаны жақсарту тетіктерінің бірі – жанартылатын энергия көздерін дамыту. Өткен жылы Қазақстанда қуаттылығы 583 МВт болатын 25 ЖЭК нысаны – 10 жел, 1 су және 12 күн электр станциялары пайдалануға берілді. Жанартылатын көздерден электр энергиясын өндіру 2019

жылға қарай өндірілетін электр энергиясының жартысы балама энергетикадан алынады. Бұл Қазақстанның төмен көміртекті және климаттық орнықты даму жөніндегі Париж келісімі аясындағы міндеттемелерін орындауға, сондай-ақ жаһандық трендтерге сәйкес жасыл энергетиканы дамытуға жол ашады.

Қазақстанның бірінші энергия жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Үкімет басшысы Энергетика министрлігіне Экология министрлігімен және KEGOC ұлттық компаниясымен бірлесіп, электр энергиясын тұрақты өндірісін дамыту жөнінде ұсыныстар енгізуді, сондай-ақ ЖЭК жинақтаушытарын енгізу жөніндегі мәселелерді пысықтауды тапсырды. Энергетика министрлігіне өкімдіктермен бірлесіп ЖЭК өндіріс аймақтарын құру мәселелерін пысықтау тапсырылды. «Газ электр станцияларын іске қосу ЖЭК қосымша көлемдерін интеграциялау бойынша энергия жүйесінің мүмкіндіктерін ұлғайтуға жол ашады. Осыған байланысты Энергетика министрлігіне KEGOC-пен бірлесіп, 2022 жылдан бастап теңгерімдеуші нарықты нақты уақыт режимінде іске асыру бойынша жұмыс жүргізуді тапсырамын», – деді А.Мамин.

## ▶ ТУАҒАН ЖЕР



## «БҮЙРАТАУ» ҰЛТТЫҚ ТАБИҒИ САЯБАҒЫ

Бұл саябақ Ақмола және Қарағанды облыстары аумағында, орташа құрғақ және қуаң дала зоналарының аралығында орналасқан. Соның нәтижесінде саябақта орман және дала экосистемелерінің үйлесімі жақсы байқалады. Бұйратау қарамағындағы барлық нысандар Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи аймақтары қатарына кіреді. Олар еліміздегі биологиялық алуантүрлілікті сақтап, оны ғылыми, ағартушылық, туристік қызмет мақсатында қолдану үрдісінде маңызды орын алады.

Бұйратау – адам аяғы баспаған соқақтармен серендеуді қалап, тұсма табиғат аясындағы демалысты аңсап жүрген саяхатшылар үшін баға жетпес олажа.

# БИЗНЕС&ҚОҒАМ

## ДЕНСАУЛЫҚ

# Модульдік аурухана ашылды

Орал қаласындағы «Жұлдыз» шағын ауданында модульдік жұқпалы аурулар ауруханасы ашылды. Ашылу рәсіміне қатысқан облыс әкімі Ғали Ескалиев шараға жиналған тұрғындарды, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері мен медицина ардагерлерін жана жылмен құттықтап, ақ тілегін білдірді.

ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА



Облыс әкімі жана жыл еліміз үшін берекелі болсын деген ақ тілегін айтып, өткен жылды індетпен күрес жылы ретінде есімізде қалатынын және киын жыл болғанын, әсіресе медициналық ұйым-ұжымдардың, дәрігерлердің, медбикелердің, еден жуушылардың «жаман» аурумен күреске қомақты үлес қосқандарын жеткізді.

Капниядан келген індетке еліміз түгел дерлік дайын болған жоқ. Тек біздің ел емес, әлемдегі көптеген мемлекет дайын емес еді. Инфрақұрылым, жабдықтар мәселесін шешу үшін Мемлекет басшысы жедел тұрғызылатын жұқпалы аурулар ауруханаларын салуымыз керек деп тапсырма берген болатын. Ел үкіметі барлық аймақтарға көмек-қолдауды көрсетті. Республикалық бюджеттен шамамен 7 миллиард тенгеге жуық қаржы бөлінді. Бұл ғимаратты салу қымбатқа түсті деп сынайтандар да бар. Бірақ, меніңше, адам өмірінен қымбат еш нәрсе жоқ. Қазіргі уақытта жылдам салына-тын осындай аурухана қажет. Елімізде эпидемиологиялық ахуал тұрақты дегенмен, қауіптің беті әлі қайтқан жоқ. Сондықтан тұрғындар өз денсаулықтарына мұқият болғандары, сақтық шараларын қолданғандары жөн. Басқа елдерде, көрініске Ресейдің облыстарында ауруханалар жетіспей жатыр. Олар науқастарды қабылдау үшін бар ғимараттарын осындай ауруханаға бейімдеуде. Қаламызда жұмыс істеп тұрған 140 орындық жұқпалы аурулар ауруханасының іргетасы 1964 жылы қаланған. Аталған ауруханаға жана ғимараттар саламыз деп жоспарланғанда, Мемлекет басшысының қолдауымен 200 орындық жана ғимарат бой түзеді. Аурухана қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Іші ынығайлы, барлық санитарлық талапқа сай, медицина қызметкерлеріне адамдардың өміріне, денсаулығын сақтауға дәрігерлік көмек көрсетуге толық жағдай туғызылған, — деді Ғали Ескалиев.

Салтанатты шарада өңір басшысы модульдік аурухананың бейнелік кілтін облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының директоры Нағие Ахметоваға табыс етті. Жана ғимараттың лентаны кию рәсімін Ғали Ескалиев пен денсаулық сақтау саласының ардагері, дәрігер-инфекционист сандық рентген аппараты, гемодиализ аппараты, бейнебронхоскоп, УЗИ, ЭКГ жабдықтарының бөлмелері көрсетіліп, жұмыстары таныстырылды. Өзбiр жансақтау керуеті ИВЛ аппаратымен, гемодиализ аппараты модуль мониторинг, пульсосиметр-ғимаратының жалпы аланы — 6800 шаршы метр. Ауруханада бір стационарлық және екі жылжымалы рентген аппараты бар. Жылжымалы аппараттар жағдай ауыр науқастарды түсіруге қолданылады. Жансақтау бөлмелеріндегі әр керуетке 20 және ота жасау бөлмесіне 2 ИВЛ аппараты қойылған. Жана аурухана бір қабатты 8 блок ғимараттан тұрады. Ондағы 200 орынның 20-сы жансақтау, 20 орын интензивті терапия орнына бөлінген. Ауруханаға оттегі танкері мердігерлер есебінен қойылған.

Жана модульдік стационардың құрылысы жұқпалы аурулар ауруханасының әлеуетін күшейттеді. Еліміздің барлық облыс орталықтарында мұндай модульдік ауруханалар бой көтерген. Құрылысының басын бас мердігері «Viggo» — Қазақстандағы құрылыс саласы көшбасшыларының бірі. Оралдық стационардың құрылысын оның еншілес компаниясы «Kazpro» ЖШС салды. Құрылыс жұмыстары барысында 1000-ға тарта жұмыс орны құрылып, онда негізінен жергілікті тұрғындар жұмыс істейді. Блокта тұрғызылған ғимарат пневмониямен ауыратын, оң және теріс СVI таралатын науқастарды, жүкті әйелдерді, балаларды, басқа да аурулары бар науқастарды емдеуге ыңғайлы.

## Мамандыққа машықтау

# Медициналық журналистика: бүгін және ертең

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен ағымдағы жылы ақпан айының 8 күнінен бастап С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде «Медициналық журналистика» тақырыбы бойынша журналистердің біліктілігін арттыру мақсатында аталық курстар өткізілуде. Курсқа 50-ге жуық БАҚ өкілдері және офлайн форматта тілшілер мен блогерлер қатысады.

ГҮЛМИРА МЕРАЛИНА



Курстың алғашқы күнінде Қазақстандағы Репродуктивті медицина қауымдастығының президенті, ҚР ҰҒА академигі, профессор В.Н. Локшин «ҚР халқының репродуктивті денсаулығы: өзекті мәселелер және этикалық аспектілері» тақырыбында дәріс оқыды. Репродуктивті медицинаның жұмысын түсіндіре келе экстракорпоральды ұрықтандыру, яғни жасанды жолмен ұрықтандыру мәселесі жөнінде айтылды. Қазақстанда алғаш рет экстракорпоральды ұрықтандыру арқылы өмірге келген сәби биыл жиырма үш жасқа толады екен. Журналистедің қойған сұрақтарына байланысты жауап бере отырып, жұртшылықтың көкейінде жүрген ЭКО-дан туған балалардан ұрпақ өрбіте алмайды деген негатив пікір әлі күнге дейін ғылыми тұрғыдан дәлелденбегендігін түсіндірді. Курстың екінші күні Х.Досмұхамедов атындағы қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің эпидемиология кафедрасының профессоры С.А. Әміреәліевтің «Ви-

русстардың адам иммунитетіндегі әсері және COVID-19 вакцинациясы» тақырыбында екі сағатқа жуық жүргізілген дәрісі шынайы пікір алмасуға ұласты. Ресейдің Эпидемиологиялық және микробиологиялық ғылыми-зерттеу орталығы әзірлеген «Спутник V» вакцинасына да тоқталып өтті. Сонымен қатар, адам ағзасына әсер етпейтін және иммунитетті

тмен жабдықталған. Сонымен қатар гинекологиялық және хирургиялық науқастарға желел көмек көрсету мақсатында ота бөлмелері жасакталған. Ондағы заманауи жабдықтар науқастың бетін бері қаратуға және өмірін сақтауға көмектеседі. Аумағы 4 гектардан астам жерді алып жатқан аурухана

Орал қаласы

## ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



WORLD BANK GROUP

### ДБ: Экономика қалыпты дамуда

Қазақстан экономикасы 2021 жылы 2,5%-ға өсіп, келер жылдары өсімінің үдемелі қарқынын көрсетеді. Сонымен қатар әлемдік экономиканың біркелкі қалпына келмеуі және әлемдік қаржы нарығында қаржылық тәуекелдердің жоғарылауы болуы салдарынан жағдайдың нашарлауына айтарлықтай қатер сақталуда, делінген Дүниежүзілік банктің Қазақстан экономикасы бойынша «COVID-19 дағдарысынан кейінгі бау қалпына келу» баяннамасында.

Дүниежүзілік банктің сарапшылары 2020 жылды Қазақстан экономикасы үшін соңғы екі онжылдықтағы ең күрделі жыл деп атады. Індеттің таралуы 2020 жылдың екінші тоқсанында ғаламдық белсенділікті тежелді де, Қазақстанның негізгі экспорттық тауары — мұнайға әлемдік сұраныс пен бағасының құлдырауына әкеп соқтырды. Сондай-ақ бұл індет ішкі экономикалық белсенділікті айтарлықтай төмендеткен: болжамдарға сәйкес, экономика 2,5%-ға қысқарған.

COVID-19 қалалардағы жұмыспен қамтылғандардың 30%-ын құрайтын бөлшек сауда, қонақ үй бизнесі, көтерме сауда және көлік секторларын айтарлықтай шарпып өткен. Алайда, ең ауыр жағдайды ауылдарымыздың тұрғындары бастан өткеруде. Сарапшылардың бағалауынша, Қазақстандағы келешілік деңгейі дағдарыс алдындағы 2016 жылғы 6%-ға қарағанда, 2020 жылы 12-14%-ға дейін өсуі мүмкін.



### Pfizer вакцина сатудан пайдасын асырмақ

Америкалық Pfizer компаниясы немістің BioNTech компаниясымен бірлесіп шығарған коронавирусы қарсы вакцинаны сату 2021 жылы 15 млрд долларға дейінгі деңгейге жетеді, деп хабарлайды Financial Times. Компанияда, қазіргі кезеңдегі жағдайдың өрбуі, егер вакцинаны жеткізуге қосымша келісімшарттар жасалатын болса, 2021 жылы вакцинаны сату көлемі жоғарырақ болуы да мүмкін.

COVID-19 індетіне қарсы Pfizer/BioNTech вакцинасы ДДҰ тарапынан шұғыл қолдануға алғашқылардың бірі болып қабылданды. Қазіргі уақытта оны көптеген елдерде, соның ішінде АҚШ пен ЕО елдерінде де, пайдалануда.

2021 жылдың екінші жартыжылдығынан Pfizer вакцинасы Қазақстан тұрғындарына қолжетпейді болады деп күтілуде. Вакцинаны шығарушы компаниямен меморандумға қол қойылған, алдын-ала келісімдерге қол жеткізілген, бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ерлан Қиясов мәлімдеді.



### БҰҰ көмір пайдаланудан бас тартуға шақырады

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш 2040 жылға қарай көмірді пайдалануды толықтай тоқтатуға ұсынды. Бұл туралы ол өзінің осы жылдың қарашасына жоспарланған климат бойынша саммитке дайындық барысында халықаралық қауымдастық үндеуінде мәлім етті, деп жазады www.news.un.org сайты.



БҰҰ Бас хатшысының ұсынысына сәйкес, 19 жылдан кейін әлемнің барлық мемлекеттері тас көмір мен басқа да қазба отын түрлерін қандырып толықтай тоқтату қажет. Босаған қандырылған экологиялық таза энергетикаға көшуі бағытталуы тиіс. Айтпақшы, Қазақстан үшін көмір — жылу-электр стансаларына арналған отын ғана емес, экспорттық тауарлар да бар. Соңғы жеті жылда қарағандылық көмірді әлемнің 28-ден астам елдері импорттаған екен.

Батыр РАХМЕТҰЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫК ЖАНАЛЫҚТАРЫ

САЛЫК

ЫҢҒАЙЛЫ ҚОСЫМШАЛАР ЖҰМЫСТЫ ЖЕҢІЛДЕТТІ

Мемлекет басшының салықтық әкімшілендіруі жөніндегі тапсырмасына орай жеке кәсіпкерлер үшін «E-Salyq Business» қосымшасы әзірленді.

Сейсенбідегі үкімет отырысында қаржы министрі Ерулан Жамаубаев Президент тапсырмасын орындау бағытында ең алдымен жеке тұлғалардың мүлкі мен жеріне салынатын салықтар біріктіріліп, бірыңғай төлеммен төленетінін айтты.

Халыққа арналған салық төлеуді ыңғайлы «E-Salyq Azamat» мобилді қосымшасы әзірленген. Қосымша онлайн салық төлеуге, артық төлемді болдырмауға және тағы басқа да жеңілдіктерге мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТ

МҰҚТАЖ ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Былтыр Қостанай облысында мұқтаж отбасыларға 281 пәтер берілді.

Оның ішінде 153 көпбалалы отбасы баспаналы болды. Қалғандары жетім балаларға, халықтың әлеуметтік жағыман осал топтарына, бюджет қызметкерлеріне тапсырылды.

Бүгінгі таңда «Қонай» және «Береке» жана шағын аудандарында құрылыс қарқыны алған. Қазір «Береке» шағын ауданында 8 үйдің құрылысы аяқталуға жақын. «Қонай» шағын ауданында бұрынғы ерекше қарқын алды. Осы мерзімде облыс орталығында 1 млн шаршы метрден астам жерге үй салынып, 4 шағын аудан бой көтерді.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, бұрынғы өңірде тұрғын үй пайдалануға беру көрсеткіші 10%-ға артты.

ЗЕЙНЕТАҚЫ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС ҰЛҒАЙДЫ

Қазақстандықтардың БЖЗК-дағы инвестициялық табысы 1,3 триллион тенге болды.

Ұлттық банк БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарушы болып санауды және оларды Инвестициялық декларацияға сәйкес инвестициялайды.

Зейнетақы активтері БЖЗК-ның Ұлттық банкеті инвестициялық шотына орналастырылған. БЖЗК салымшылардың жеке зейнетақы шоттарындағы (ЖЗШ) жинақтарының бірестендірілген есебін жүргізеді.

Хабарлама атап көрсетілгендей, инвестициялық табыстың шамамен өзгеріп отырады және ол көптеген факторға, соның ішінде инвестициялардың ағымдағы нарықтық құнына және валюта бағамына байланысты болады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

КОР НАРЫҒЫ

Теңгедегі құралдар инвестор үшін қаншалық тартымды?

> [1]

2020 жылдың ортасынан бастап біздің ресми сайтта бейресиденттердің Ұлттық банктің ноттарын іленуі үлесі туралы ақпарат жарияланып келеді.

«Коронадағдарыс жағдайында бейресиденттердің дамуы нарықтарға келуінің себебі неде?»

Төрткүл дүниедегі пандемия салдарынан туындаған жағдайдың әлі де тұрақсыз болуына қарамастан, инвесторлар дамушы нарықтардың бұрынша тәуекелді активтеріне тағы да қызығушылық танытуда.

Вакцинациялау қарқыны жөніндегі бірлескен бастамалары да өз рөлін атқарғандығын айта кету керек.



КАРЖЫ

Несиелеу триллиондық өсім көрсетті

Банктер айтарлықтай жайлы кезеңді бастан кешуде, кредиттеу триллиондық өсім көрсетіп отыр, дейді отандық сарапшылар.

ИСА ҚАМБАР

Қорыта айтар болсақ, қазақстандық банктердің несие портфелі 7,1%-ға немесе 1,1 трлн тенгеге артық. Қаржы секторының жұмысы бойынша еліміздің Ұлттық банкі жариялаған ақпараттан осындай мәліметтер белгілі болды.

Өткен жылдың желтоқсаны айында несие қоржымының көлемі 172,7 млрд тенгеге артық, оның үстіне берілген кредиттердің артық бөлігін бесінші ай қатарынан орын алып отыр.

Желтоқсанда кері РЕПО-ға неғұрлым күштірек мойлан бұру «Халық банкте» байқалған: бір айда осындай заемдар көлемі 59,7 миллиардтан 164,3 млрд тенгеге дейін өскен.

«Халық банк» — +174,4 млрд тенге, «Қасpi банк» — +81,9 млрд тенге. Банк көрсеткіштері бесінші ай қатарынан өсуде.

дегі он деректер экономикалық өсімнің жуық арада қалпына келуіне сенімділік ұялатады және уақыт мерзімді «локаудандар» мен шектеулердің енгізуі мүмкіндігін төмендетеді.

Мұнай нарығында Сауд Арабиясының өндірісті күніне қосымша 1 миллион баррельге ерікті түрде шектеуі оң нәтиже берді. Оның үстіне, ОПЕК+ мониторинг комитеті сұраныстың жақсаруына болжамдармен қатар, бүкіл әлем бойынша біртіндеп вакциналандыру басталуы экономикалық өсу мен мұнайға сұранысты жеделдетудің негізгі факторы ретінде атап өтті.

Қазақстанның негізгі экспорттық тауары — мұнай бағасының он серпіні, сондай-ақ инвесторлардың жоғары мөлшерлемелерге ұмтылуы барысында жоғары тәуекелді активтерге қызығушылығы қазақстандық құралдарға қол жеткізуге қолайлы жағдайлар жасауда.

Сонымен қатар Ұлттық банк пен Қаржы министрілігінің мемлекеттік бағалы қағаздар нарығын дамуы

жөніндегі бірлескен бастамалары да өз рөлін атқарғандығын айта кету керек. Республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында Қаржы министрілігі 2020 жылғы мамырдан бастап 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруда.



Сөйлейша, аталмыш нарық инфрақұрылымын дамытуға жұмсалған күш-жігеріміз өз жемісін бере бастады. 2020 жылғы тамызда іске қосылған Орталық депозитарий — DVP (Delivery versus payment) Clearstream желісі Қазақстанның қор нарығына инвестиция үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.


Белгілі бір деңгейде жергілікті қор нарығына деген сенімділікті қалыптастыру мақсатында қаржы реттеушісі сыртқы инвесторлармен байланыстың сапасы мен арналарын жақсартуға баса назар аударады.

Аталмыш банктёрдегі көрсеткіштер серпіні республикадағы мерзімі өткен кредиттердің жалпы көлемі 454,8 млрд тенгеге қысқарып, 1 трлн 528,7 млрд тенге құрауына мүмкіндік берген. Бұл,


көлемі үштің біріндегі деңгейге немесе 132,7 млрд тенгеге дейін құлдығарын. Қазір мерзімі өткен төлемдердің жалпы көлемі 270,2 млрд тенгені құрайды.

Аталмыш банктёрдегі көрсеткіштер серпіні республикадағы мерзімі өткен кредиттердің жалпы көлемі 454,8 млрд тенгеге қысқарып, 1 трлн 528,7 млрд тенге құрауына мүмкіндік берген. Бұл,

РЕПО-ның кері операциялар көлемі (ҚР Ұлттық банкі мәліметтері бойынша, млрд TT)



Несие портфельінің сапасы (ҚР Ұлттық банкі мәліметтері бойынша, %-бен үлесі)



Несие қоржымының қысқаруы 36,5 млрд тенгеге құрапты.

КРЕДИТТЕР САПАСЫ КӨПЖЫЛДЫҚ МАКСИМУМЫНДА

«АТФБанк» несие қоржымын қысқартып қана қойған жоқ, соған орай оның сапасы да әжептәуір жақсарған.

Бүдан басқа Ұлттық банк жағдайын айтарлықтай жақсарту мақсатында қаржыны айтар болсақ, бұл да 151,1 миллиардқа — 1 трлн 077,1 млрд тенгеге дейін қысқарған, бұл да 2019 жылдың басынан бергі көрсеткіштердің он төменгі мәні.



БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ



Тағы да тұтыну нарығы туралы

Калтадағы пұды базардағы нарық билейтіні бексенен белгілі. Әңгіме пұл парқын түсіп, нарық бөсінің шарықтауында болып отыр.

Жетпісбай БЕКБОЛАТУЛЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры. e-mail: Zhelptshay.Bekbolatuly@kaznu.kz

ЕНБЕК НАРЫҒЫ

Қазақстанның кадрлық әлеуеті

Осыдан 30 жыл бұрынғымен салыстырғанда көшіп түсіп жатсақ та, Қазақстанның кадрлық әлеуеті айтарлықтай жоғары.

ИСАТАЙ КАМБАРОВ

Адами капитал – еліміз экономикасы дамуының өзекті факторларының бірі. Қазіргі кезде әлемнің бәсеңді өзгеріс үстіндегі жағдайында көзге ұрарлықтай қайта құрылымдар еңбек нарығына да әсерін тигізуде.

қабілетті адами капиталды дамыту да бар, жеті негізгі бағыттары атап көрсетті (1-инфографика).

Адами капиталды дамытуға Қазақстанда, бірінші жыл емес, назар көбірек аударылууда. Мәселен, соңғы жылда білім беру саласына бағытталған инвестициялар 42,2%-ға артып, 301,6 млрд теңгені немесе елдегі күрделі қаржы жалпы сомасының 2,4%-ын құраған.

Жаңалары – ресми түрде жоқ болса да, тауу кезінде пайда болуы ықтималдық үлесі жоғары. Өзгерістер – жылдам кезеңде күшті өзгеретін нарықта бар кәсіптер мен мамандандыру.

Table with 3 columns: Сала, Бос орындар саны, Біліктілер үлесі. Lists various professions and their corresponding statistics.

Еңбек ресурстарын дамыту орталығының мәліметтері негізінде

Білім беруге инвестициялар. Қаңтар-желтоқсан (млрд трт)



ҚР СКРА Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде

«Астана» халықаралық қаржы орталығы (АХКО) базасындағы Үзіліссіз кәсіби даму бюросы (BCPD). Бұл бюро озық әлемдік үлгілерді қолданатын халықаралық кәсіби сертификаттауға дайындыққа мамандандырылған.

АХКО-ның Үзіліссіз кәсіби даму бюросы өзінің мамандарды оқыту бағдарламасын жасайды, сонымен қатар қаржылық және инвестициялық сауаттылық үшін кәсіби шаралар өткізеді.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

29 қаңтар – 5 ақпан аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу\*


Сауда-саттықтың қорытындысы бойынша 5 ақпанда теңгенің нарықтық бағамы атап ішінде 0,9%-ға (424,22-ден) нығайтып, бір АҚШ доллары үшін 420,49 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2021 жылғы 29 қаңтар – 5 ақпан аралығындағы кезеңде дамушы елдер валюталарының серпіні оң болды. АҚШ Сенаты алағай апталарда \$1,9 трлн долларға ынталандыру топтамасының қабылдануын қамтамасыз ететін бюджеттік қарамады қолдады.

Деректерге сәйкес қантарда АҚШ-та еңбек нарығының қалпына келуі бәсеңдеді: жұмыссыздықтың 6,3%-ға дейін төмендегені байқалды (желтоқсанда 6,7%), ауыл шаруашылығы саласына жатпайтын сектордағы жұмыс орындарының саны 49 мыңға артты.

Дамушы елдер валюталарының\*\* АҚШ долларына қатысты бағамдарының серпіні төмендегідей қалыптасты:

- Түрік лирасы ОБ басысының ағымдағы жылы мөлшерімені төмендету және капитал ағынының ұлғаюын күту туралы мәселені қараудың мүмкін еместігі туралы түсіндірмесі аясында 3,4%-ға (7,31-ден 7,06-ға дейін) нығайды;
- Мексика песосы АҚШ доллары



рекетер базасында кызметкерлерді басқару, IT, қаржы және аудит, т.б. сияқты 12 мыңнан астам кәсібилен бар. 2025 жылға дейін АХКО-ның кадрлық резерві 50 000 жоғары сыныпты үміткерлермен толықтақ.

Сонымен қатар бюро QWANT жоғары технологиялар мектебін базасында цифрлық өнімдер мен кызметтер нарығының қазақстандық сегменті үшін кадрлар дайындайды, зерттеулер өткізуге мүмкіндік береді, жалпы алғанда, кәсіби білім берудің қазақстандық секторын дамытуға үлкен үлес қосады.

АХКО экожүйесіне тіркеу мүмкіндігін қарастыруымен қатар, шетелдік және қазақстандық компаниялар құзыреттілік өзге, салықтық артықшылықтар мен мүдделерін және бизнестерін қорғап, кадрлық резервке қосылу мүмкіншіліктерін де иелене алады.

бағамының әлсіреуі аясында 2,3%-ға (20,57-ден 20,09-ға дейін) нығайды. ОБ басысы реттеушінің мөлшерімені сәуірде кезекті төмендету мәселесін қарастыруы мүмкін екендігі туралы хабарланды;

- Отүстік Африка ранды қантарда өндірістің бәсеңділігі индексінің әлеулі өсімі туралы деректердің шығуы аясында (желтоқсанда 50,9-дан 50,3-ке дейін) 2,1%-ға (15,16-ден 14,84-ке дейін) нығайды;
- Бразилия реалы Конгрестің екі палатасында да төраға ретінде Президент қолдаптын кандидаттары сайлау туралы хабарламалар аясында 1,6%-ға (5,47-ден 5,38-ге дейін) нығайды, бұл саяси келіспеушілік тәуекелін төмендетеді;
- Ресей рублі мұнай бағасының өсуі аясында (аптасына +6,2%) 1,6%-ға (75,88-ден 74,65-ке дейін) нығайды;
- Үнді рупиясы 72,95-тен 72,93-ке дейін біршама нығайды. Қаржы министрлігі экономиканы қалпына келтіру үшін шамамен жарғы триллион АҚШ доллары сомасындағы шығыстар жоспары туралы жариялады;
- Индонезия рупиясы апта ішінде өзгерген жоқ, 14 030 деңгейінде қалды. IЖӨ 2020 жылғы 4-ші тоқсанда 2,19%-ға ж/ж төмендеді.

\* шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ашық дереккөздердің негізінде атап айтып дайындады. \*\* АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.



